

ЗА 2022 ГОД В АО «НК «ҚТЖ» УДАЛОСЬ СНИЗИТЬ ОБЩЕЕ КОЛИЧЕСТВО НЕСЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ НА 16%. КОЛИЧЕСТВО СЛУЧАЕВ, ВЗЯТЫХ НА УЧЕТ, СНИЖЕНО НА 40%, С ВРЕМЕННОЙ УТРАТОЙ ТРУДОСПОСОБНОСТИ – НА 20%. КРОМЕ ТОГО, ПРАВОМ НА ОСТАНОВКУ ОПАСНЫХ РАБОТ В МИНУВШЕМ ГОДУ РАБОТНИКИ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ БОЛЕЕ 600 РАЗ. ВЫЯВЛЕНО БОЛЕЕ 25 000 ОПАСНЫХ УСЛОВИЙ И ОПАСНЫХ ДЕЙСТВИЙ.

Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер – директор департамента
технической политики АО «НК «ҚТЖ»



№21 (2838)
17/03/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ҚТЖ И МВД: РАБОТА В ТАНДЕМЕ ДАЕТ РЕЗУЛЬТАТ

В АО «НК «ҚТЖ» состоялось расширенное совещание по реализации «Дорожной карты по повышению уровня безопасности и сохранности имущества на железной дороге РК на 2022-2024 годы», подписанной министрами МВД и МИИР РК. В мероприятии приняли участие руководители ҚТЖ и департамента полиции на транспорте МВД РК, а также руководители линейных подразделений в регионах.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В ходе совещания осуществлен конструктивный обмен информацией, мнениями и обсужден ряд вопросов по улучшению состояния безопасности на железнодорожном транспорте. Отмечено, что вопросы безопасности и сохранности имущества на железнодорожном транспорте являются важнейшими для компании. По итогам 2022 года в рамках исполнения мероприятий «дорожной карты» проведена большая работа по установке камер видеонаблюдения на железнодорожных объектах, ви-

деорегиракторов на локомотивах, ограждений, исключающих выход посторонних лиц и скота на железнодорожные пути. Реализуются мероприятия по принятию превентивных мер по предотвращению дорожно-транспортных происшествий. Это позволило снизить количество наездов и дорожно-транспортных происшествий на 15%. Отмечено, что за 12 месяцев 2022 года зарегистрировано 77 случаев наезда на людей на железнодорожных путях против 84 случаев в 2021 году. В рамках исполнения «дорожной карты» локомотивы АО «НК «ҚТЖ» оборудуются видеорегиракторами

наружного и внутреннего наблюдения. На сегодняшний день системами видеонаблюдения оборудованы 230 локомотивов. Также увеличивают количество вагонных весов в станционных парках, предназначенных для взвешивания подвижного состава. В рамках исполнения поручений Президента страны, указанных в Послании народу Казахстана, по обеспечению принципа «полиция шаговой доступности» и сервисной модели работы полиции, устанавливаются модульные посты полиции на нескольких крупных вокзалах страны. Представители МВД РК отметили, что транспортная безопасность –

это понятие комплексное, которое включает в себя технологические и организационные понятия по противодействию актам незаконного вмешательства в транспортную деятельность. Железнодорожники согласились, что особое внимание нужно уделять профилактике правонарушений и обеспечению безопасности граждан. По итогам встречи стороны приняли ряд двусторонних решений по обеспечению безопасности объектов транспортного комплекса и улучшению сервиса для пассажиров. (Продолжение темы на 2-й стр.) Фото Александра ЖАБЧУКА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ



Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара тиімді әріптестікті нығайту мен тиімді ынтымақтастықты арттырудың жолдары талқыланды. Ведомство вице-министрі Динара Шеглова АҚШ-тың Оңтүстік және Орталық Азия елдері бойынша сауда өкілінің көмекшісі Брендан Линчпен кездесіп, пайдалы қазбаларды өндіру, геология және минералдық ресурстар саласындағы әріптестік, көлік және транзиттік қарым-қатынастарды сөз етті. Д.Шеглова елімізде көлік-транзиттік әлеуетті дамыту мен көлік дәліздерін жаңғырту үшін ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті. Вице-министр Транскаспий халықаралық көлік бағытына, оның ішінде Ақтау портында контейнерлік хабты құру және Құрық портында «Саржа» көпфункционалды теңіз терминалының құрылысына ерекше тоқталды. Америкалық тарап өз кезегінде Қазақстандағы инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, нақты айтқанда Транскаспий халықаралық көлік маршрутының жекелеген жобалары бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниетті екендерін білдірді. Кездесу қорытындысына екі тарап та ризашылықтарын жеткізді. Қазақстан жағы мұхиттың арғы жағындағы алпауыт елмен байланысты нығайтуға қашан да мүдделі.

Ұлан ОРАЗ



Асылбек ШӘМЕНОВ,
Қызылорда қаласының әкімі:

БЕЛКӨЛ СТАНЦИЯСЫНДА САЛЫНҒАН ЖАЯУ ЖҮРГІН-ШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨПІР КӨП ЖЫЛДАН БЕРГІ ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫ. ЖАҢА КӨПІР ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТЕМІРЖОЛДАН ӨТУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРДЫ ТОҚТАТУ ҚҰҚЫҒЫН ТЕМІРЖОЛШЫЛАР

600

РЕТ ПАЙДАЛАНҒАН.

2023 ЖЫЛДЫҢ ЕКІ АЙЫНДА «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ВАГОНДАРЫН ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЫ

103%

ОРЫНДАЛҒАН.

ЖАМБЫЛ ӨҢІРІ БҮГІНДЕ

1700

ТЕМІРЖОЛШЫ «E-TELEGRAM» ЖҮЙЕСІНЕ ТІРКЕЛГЕН.

Логистика

БОЛАШАҚ – КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДА

Жүк тасымалындағы басты критерий: жылдамдық, сенімділік және қауіпсіздік. Ал оны қамтамасыз ететін – контейнерлік тасымалдау. Қазақстандық жүк жөнелтушілер контейнерлік тасымалдаудың артықшылықтарын осылай жоғары бағалап, болашақ контейнерлік тасымалда деп санайды.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазір жүкті контейнермен тасымалдау көлемі артып келеді. Былтырдың өзінде ҚТЖ желісі бойынша тасымалданатын экспорттық жүктердің жалпы көлеміндегі контейнерлік тасымалдың үлесі 4,4%-ті (3,5 млн тонна) құраған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның логистика жөніндегі басқарушы директоры Ерлан Қойшыбаев, контейнерлендіру – теміржол логистикасының ең перспективалы және сонымен бірге ең күрделі аспектісі. Сондай-ақ, әлемдегі эпидемиялар мен геосаяси дағдарыстарға қарамастан бірқалыпты жұмыс істей алатын жылдам, сенімді көлік түрі екенін айтады. Қазіргі таңда мұнай өнімдері, тыңайтқыштар, түсті рудалар, құрылыс жүктері, қара метал-

дар сияқты басқа да жүк түрлері бойынша экспорттық тасымалдардағы контейнерлік тасымалдау көлемінің артып келе жатқаны байқалады. Мәселен, өткен жылы контейнердегі экспорт көлемі 30 пайызға өскен. Оның ішінде астық өнімдері бар 49 мыңнан астам ЖФӨ шетелдерге шығарылған. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 4,2 есеге жоғары болып отыр. Жүк Қытайдың Алашанькоу, Үрімші, Сиань, Чунцин станцияларына, сондай-ақ Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары арқылы Түркияның Мерсин порты бағытына жөнелтілді. Сонымен қатар экспортқа бағытталған контейнердегі мұнай өнімдері 14,4 есеге, ұнтақтау өнімдері (кебек, құрама жем, бидай ұны) 6,3 есеге артқан. Жүктің басым бөлігі Қытайға жөнелтілді. Дәнді дақылдардан бөлек, басқа да көп-

теген номенклатуралар контейнермен жөнелтуге жарамды жүктерге жатады. Мысалы, өткен жылдың қараша айында Ydd Corporation Қарағанды феррокорытпа зауытынан Түркияға ферросилиций тиелген пилоттық контейнерлік пойыз жөнелтілсе, тамыз айында Тәжікстанның алтын өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың бірі – «Зарафшон» БК ЖШҚ-дан Спитамен – Достық бағыты бойынша түсті металдар кені бар алғашқы контейнерлік пойыз жөнелтілген. Сондай-ақ Жітіқара станциясынан Вьетнамның Йен Вэ станциясына контейнерлерде «Қостанай минералдары» тау-кен өндіру компаниясының асбест өнімдері, флекситентерде қазақстандық өсімдік майы Қытайдың Шанхай, Сиань және Нантун қалаларына тұрақты түрде жөнелтіліп келеді. Ал түсті металдарды – контейнерлерде ТМТМ арқылы Түркия мен Грузия бағытында жөнелту ұйымдастырылды. Бүгінгі таңда контейнерлік экспорттық жүктердің әлеуеті шамамен 22 млн тоннамен немесе тасымалданатын экспорттық жүктердің жалпы көлемінің 28 пайызын құрап отыр.

ОБЛЕГЧИТЬ ТРУД ПУТЕЙЦЕВ

Новая партия рельсорезных и рельсосверлильных станков поступила на службу Астанинской дистанции пути. В хозяйстве АО «НК «ҚТЖ» используется уже более тысячи таких станков.



Любовь РОВБА,
Астана

Станки с автономным двигателем являются незаменимыми помощниками монтеров пути при устранении дефектных мест в рельсовых плетях, разрядки температурных напряжений, изготовлению уравнительных рельсов и производстве других работ по текущему содержанию пути. С помощью рельсореза можно выполнить непростую задачу – за считанные минуты разрезать железнодорожные рельсы. Рельсосверлильный станок в свою очередь предназначен для быстрого и точного сверления отверстий под стыковые болты. Такие работы проводятся, когда по той или иной причине, к примеру, из-



за дефекта, нужно заменить участок рельса на другой: дефектный участок вырезается, на это место укладывают рельсовую вставку, которую закрепляют болтами с последующей сваркой. – На сегодняшний день по

АО «НК «ҚТЖ» развернута длина пути на железобетонном основании составляет 16 750 километров, это 78% от общей длины железнодорожного полотна. Каждый год объем работы путейцев увеличивается не менее чем на

400 километров, соответственно растет число технологических окон. Новые инструменты позволяют значительно сократить время проведения работ. К тому же они очень удобные и пользуются популярностью среди путейцев, – отметил главный менеджер департамента подвижного состава и механизации Дирекции магистральной сети Усембай Онлабаев. На службе Астанинской дистанции пути новые станки поступают партиями с 2021 года. К концу 2023 года здесь ожидают еще одну. Эффективность работы рельсорезных и рельсосверлильных инструментов удалось наблюдать воочию: в парке станции Нур-Султан провели демонстрационную вырезку участка рельса и сверление отверстий под болты. Легко орудуя новыми станками, монтеры пути с задачей справились быстро и качественно. Фото Александра ЖАБЧУКА

ШАТТЛЫ ВЕЗУТ ОНЛАЙН-ПОКУПКИ



АО «KTZ Express» организовал ускоренную доставку из КНР товаров, приобретенных через Интернет. Так, регулярный транзитный шаттл-поезд с товарами, приобретенными онлайн, будет курсировать по маршруту Урумчи (КНР) через пограничный переход Алашанькоу – Достык в направлении России, а также в Узбекистан и Таджикистан. Специалисты отметили, что организатор сложной отправки – KTZ Express в партнерстве с ТОО «Atasu Logistics». Особенно радуют грузоотправителей сроки доставки груза до станции назначения – всего от семи до 10 дней. Периодичность регулярного сервиса – еженедельно. Также отмечено, что в перспективе, с дальнейшим увеличением объемов перевозок, частота отправок шаттлов будет увеличена. Везд с каждым днем спрос на товары электронной торговли или электронной коммерции (Е-commerce) растет по всему миру. При этом основным поставщиком таких товаров является Китай, а доставка по всему миру самым недорогим и быстрым способом удобна в основном через Казахстан. Поэтому спрос на такие шаттлы будет только расти. Аналитики говорят, что рост онлайн-продаж невозможно остановить. Ожидается, что сфера онлайн-продаж продолжит расти и достигнет 8,1 триллиона долларов к 2026 году, что примерно на 55,8% больше, чем всего пятью годами раньше, в 2021 году. С ростом цифровизации и массовым переходом в онлайн Е-commerce стала драйвером ключевых изменений в мировой экономике. Доступ к электронной коммерции сегодня возможен с любого смарт-устройства. Развитие электронной коммерции меняет подходы к работе с клиентами, расширяет возможности бизнеса. Не меняется только одно: клиенты по-прежнему не хотят долго ждать своего заказа. Е-commerce логистика позволяет не только ускорить и упростить процесс доставки, но и удешевить его. Асель ШАЙХЫНОВА, Астана

БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУҒА ШАҚЫРДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



САЙЛАУ

Семей ЖТ бөлімшесінің бастығы Владимир Бабиченко жергілікті сала қызметкерлерімен кезекті жиын өткізді. Басқосуда теміржолшылар қауымының саяси белсенділігі, қоғам игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстар кеңінен сөз болды.



Қазіргі таңда аймақ бойынша 12 мыңның үстінде теміржолшы бар екен. Демек бұл алдағы келе жатқан сайлау науқаны үшін үлкен күш деген сөз. Осы орайда барша сала қызметкерлеріне Жаңа Қазақстан үшін бір кісідей дауыс беріп, дұрыс таңдау жасаудың маңыздылығы зор. Осы бағытта сөз өрбіткен Владимир Владимирович барша әріптестерін қоғамдағы саяси оқиғаларға немісқұрайлылық танытпауға шақырды.

Жалпы, бұл жолғы саяси науқанға даярлық жаңадан құрылған Абай облысы үшін қызу түрде өтуде. Облыстық және аудандық, қалалық мәслихаттарға үміткер ретінде тіркелген теміржолшылар қауымының қатары өте көп. Басым көпшілігі – станция басшылары. Сонымен қатар сайлауалды шараларға атсалысушы теміржолшылар да аз емес. Осының өзі жаңа облыс үшін саяси науқанның мейлінше тартысты өтіп жатқанын айғақтайды.

Суретті түсірген автор

ЕКІ КӨПІР САЛЫНАДЫ

Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Таразда теміржол үстінен өтетін көпір салу мәселесі көтерілуде. Ол облыс орталығындағы ең ұзын, магистральдық көше – Абай даңғылымен темір жолдың үстінен өтетін аспалы көпір болмақ.

Соңғы отыз жылда Тараз халқының саны 365-тен 427 мыңнан асқан. Темір жолдың арғы бетіндегі халық саны 25 мыңнан 50 мыңға жеткен. Тараз вокзалының өзі бүгінде қала орталығында қалып барады. Көлік саны да еселеп артқан.

– Қаланың екі жағын байланыстырып тұрған темір жол астындағы өткелден өтетін көліктердің тәуліктік сыйымдылығы – 15 мың. Ал қазір мұнда тәулігіне 27 мың көлік өтеді. Үлкен кептеліс болады. Сондықтан облыс әкімінің осы аумақтан аспалы көпір салу жобасы теміржолшылар тарапынан қолдау тауып отыр, – дейді Жамбыл бөлімшесінің бас инженері Дүйсен Сыдықов.

Жобаның құны – 8 миллиард теңге, көпір салынатын болса, темір жолдың екі бетіне халық еркін қатынайтын болады.

Екінші мәселе, осы даңғылдың шығысындағы Жамбыл-Қаратау телімінің бесінші шақырымындағы «Ауыл-Береке» базарының аумағы. Мұнда тәулігіне 4-5 пойыз жүргенімен қауіп жоғары. Көлік кептелісі, жүргіншілер шоғыры қалың. Қала берді «Ауыл-Береке» базары, одан әрі автобекет. Ал автобекеттің шығысында бос жатқан алқапта жаңа «Әулиеата» шағын ауданы бой көтермек. Бүгінгі күні инфрақұрылым тартылып, тіпті «ІТ мектегі» пен облыстық онкологиялық аурухана салынуда. Сондықтан қаланың бас жоспарын қайта қараған жергілікті билік екінші «Әулиеата» шағын ауданына баратын жолды кесіп өтетін темір жолдың үстінен 1,5 км аспалы көпірдің құрылысын қаржыландырады деген болжам айтылуда. Демек болашақта екі көпір салынады деген сөз.

Асан ҮМБЕТОВ: ЛОКОМОТИВ ПАРКІН ЖАҢАРТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Локомотив шаруашылығы – Қазақстан темір жолының маңызды саласы. «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Локомотив шаруашылығы департаменті тасымалдау процесін қамтамасыз етіп, жылжымалы құрамдарға тартымдық қызмет көрсететін, сондай-ақ маневрлік жұмыстарды орындаумен қатар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға жауапты. Департамент директоры – атқарушы директор Асан Үмбетовпен сұхбатымызға осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар мен жаңалықтар арқау болды.

Сұлугүл БЕКЕНҚЫЗЫ,
Астана

– Асан Ізтілеуұлы, қазір Қазақстан арқылы жүк тасымалының көбейіп жатқаны жиі айтылуда. Әрине, бұл еліміздің экономикасы үшін тиімді екені анық. Десе де, мұнымен қоса локомотивтердің жетіспеушілігі және ескіргені де жиі сөз болуда. Локомотив паркін жаңарту мен жаңғырту бағытында қандай шаруалар атқарылып жатыр?

– Көрші елдердегі геосаяси жағдайға байланысты жүк ағынының көбейіп жатқаны рас. Қазір Қытай – Еуропа, Азия, Тауу Шығыс елдерінен жөнелтілген барлық транзиттік пойыздар Қазақстан арқылы өтіп жатыр. Ал локомотив паркіне қатысты үлкен жоспарымыз бар. Биыл ВЛ80С сериялы 44 электровозды қызмет мерзімін ұзарта отырып, жөндеуден өткіземіз. Тағы 19 локомотив күрделі жөндеуден өтпек. Олардың ішінде маневрлік локомотивтер де бар. ТО-8 жөндеу түрінен ВЛ80С сериялы 20 бірлік және 20 маневрлік локомотив өтеді. Сонымен қатар биыл 103 локомотивті күшейтілген орта жөндеуден өткізуді жоспарлап отырмыз. Жүк ағынының өсуіне байланысты локомотивтер жетіспей жататыны жасырын емес. Ол түрлі факторларға байланысты. Мысалы, локомотивтерді күрделі жөндеуге ағытқан кезде, оның жұмыссыз тұру уақыты 20 күн шамасын құрайды. Қазір біз осы уақытты барынша азайту үшін жұмыс жасап жатырмыз. Негізгі біздің серіктесіміз – «Қамқор локомотив» компаниясы мен оның филиалдары. Оларға жөндеу сапасы, уақыты бойынша қоятын талаптарымыз бар, соның сақталуына мүдделіміз.

Ал локомотив паркін жаңарту мәселесіне келсек, биыл 109 локомотив сатып алу жоспарда бар, соның ішінде 70 астам магистральдық, 24 жүк электровозы және 12 маневрлік локомотив. Бұған бюджеттен ақша қарастырылған және жеткізіп беру кестесі де жасалған.

– Жақсы жаңалық екен. Ал осы ауыр машиналарды жүргізетін машинист мамандарды дайындау жағы қалай?

– Қазір біз локомотив бригадаларының білім-біліктілігін арттыру бағытында арнайы

іс-шаралар жоспарын бекітіп, қолға алып жатырмыз. Бірінші кезекте тәжірибелі машинист көмекшілерінен машинист жасауға, ал тәжірибелі машинисттерді 1 класс дәрежесіне дейін көтеруге көңіл бөліп отырмыз. Бұл білім-біліктілікті арттыру курстары Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе жол-техникалық мектептерінде жүзеге асырылады. Егер сандық мәліметтерді алға тартсам, 800 машинист көмекшісін машинист дәрежесін алуға, 500 машинисттің дәрежесін көтеруге, 120 адамды машинист нұсқаушысы және 80 адамды инженер таспа ашып оқушы маманға оқытпақ ойымыз бар. Сонымен қатар слесарьларды да оқытып, разрядтарын көтеру жағы қарастырылуда. Сондай-ақ, машинист нұсқаушыларын жинап, тәжірибе алмасу үшін республикалық семинар өткізу жоспарланып отыр.

– Машинисттерді ынталандыру жайында не айтасыз?

– Әрине, ресурскинақтау бағдарламаларына үлес қосқан, жанар-жағармай, дизель отынын және қуат көзін үнемдеген машинисттерді сыйақымен көтермелеу қарастырылады. Қазір еліміздегі тепловоздардың 97% шамасы АСУ ЭДТ жүйесімен жабдықталған. Бұл жүйе өте тиімді. Мысалы, машинисттің жүріп баратын нақты маршруты бар. Соған сәйкес жанар-жағармай нормасы бекітіледі. Егер машинист отынды артық жаққан жағдайда, осы АСУ ЭДТ техникалық жанаар-жағармайдың неге артық жағылғанын ашып оқуға көмектеседі. Бұл жүйе электронды болғандықтан, адам факторының қатысы жоқ. Әрине, кейде артық шығындар болып жатады, қар, жел, боран, яғни ауа-райына немесе жолға мал-жан шығып кетуіне байланысты шұғыл тежегіш қолдануы мүмкін. Жалпы отынның үнемделуі машинисттің локомотивті жүргізуіне байланысты, жылдамдықты уақытында алып немесе түсіріп, тежегішті уақытында басып дегендей, яғни біліктілік, тәжірибе үлкен рөл атқарады. Машинистер дизель отынын, электр қуатын үнемдеуге мүдделі, өйткені үнем үшін машинистке де, оның көмекшісіне де сыйақы төленеді. Машинисттерді ынталандырудың келесі жолы классына байланысты. Дәрежесі көтерілген сайын



машинистке үстеме ақы қосылады. Сосын локомотив шаруашылығына осыдан екі-үш жыл бұрын енгізілген «бір адам» жобасы босаған машинист көмекшілерін машинист етіп шығаруды көздейді. Бүгінде бұл жоба 90% орындалып, станцияларда маневрлік локомотивтер, үлкен жүк тиеу станциялары да «бір адам» қағидасымен жұмыс істеп жатыр. Әрине ол үшін локомотивтер талапқа сай болуы керек: екінші пультпен жабдықтылуы, жан-жағында айналары болуы және көмекшісі болмағандықтан, локомотив құрамынан автоматты түрде ағытылып-тіркелуі керек. Сосын «бір адам» қағидасымен жұмыс істейтін машинистерге станциялардың мәртебесіне қарай үстеме ақы төленеді. Яғни, сұрыптау станцияларында 35%, қарапайым станцияларда 25% төленеді.

– Жаңа бір сөзіңізде шұғыл тежегішті басу да отын шығынына әкелетінін айтып қалдыңыз. Жалпы өткен жылы шұғыл тежегішті пайдалану бойынша қанша оқиға тіркелді және отын шығыны кімдер тарапынан өндіріледі?

– Өткен жылы «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдары – локомотив пайдалану деполары бойынша барлығы 7739 рет шұғыл тежегішті пайдалану фактісі тіркелді. Соның 1300-ге жуығы мал-жанды немесе бөгде затты басып кету, автокөлікпен соқтығысу сияқты оқиғалармен байланысты. Ал қалған 6400 астам оқиғада шұғыл тежегішті қолдану нәтижесінде 2500-ден астам жағдайда мал, ал 660 жағдайда адамдарды басып кетудің, 66 оқиғада автокөлікпен соқтығысудың алды алынған. Машинист негізсіз тоқтамайды, қалған жағдайларда да талай келесі оқиғалардың алды алынғаны анық. Шұғыл тежегішті қолдану салдарынан болатын шығынды станцияда болса ДС-тен, ал жолда болса, жол дистанциясынан талап етеміз. Мал басылып қалған жағдайда шығынды мал иесі төлеуі тиіс. Локомотив бригадаларынан жазатайым оқиғалардың алдын алу талап етіледі. Әрине шұғыл тежегішті пайдалану артық шығынға әкелетінін олар да түсінеді. Бірақ жол үстіндегі жағдайлар мәжбүрлейді. – Әңгімеңізге рахмет!

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ

«Қазақстан темір жолы» компаниясында 2022-2024 жылдарға арналған ҚР теміржолдағы қауіпсіздік пен мүліктің сақталу деңгейін арттырудың жол картасын жүзеге асыру жөніндегі кеңейтілген отырыс өтті. Еске сала кетсек, аталған Жол картасы КТЖ, ҚР ПМ және ҚР ИИДМ арасында жасалған болатын.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Компания басшысы Нұрлан Сауранбаев төрағалық еткен жиынға ұлттық компанияның құрылымдық бөлімшелері басшылары, ПМ көліктегі полиция департаменті өкілдері және бейнеконференция арқылы өңірлердегі бөлімше басшылары да қатысты.

Отырыс барысында теміржолда қауіпсіздікті жақсартуға қатысты бірқатар мәселелер талқыланып, қатысушылар өзара пікір алмасып, ақпарат бөлісті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Жол картасы іс-шараларын жүзеге асыру аясында теміржол нысандарында бейнебақылау камераларын орнату, қоршаулар салу бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылданды. Соның нәтижесінде жол-көлік оқиғалары мен пойыздың мал мен адам басу жайттарын 15 пайыз азайту мүмкін болған.

Компания төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің айтуынша, аталған Жол

картасы 11 тармақтан тұрады, бүгінде екеуі толықтай орындалды, қалған тармақтар да жүзеге асырылып жатыр.

– Жол картасының негізгі бағыттары – бейнебақылау камералары мен видеорегистраторлар орнату, қоршаулар және жылжымалы құрамды бақылау құралдарын қою арқылы профилактикалық шаралар қабылдау. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 25 бағыттағы жолаушылар пойыздарындағы вагон-мейрамханалар мен барларға бейнебақылау камералары қойылды. Вагондарға салмағы тым асып кеткен немесе жетпей қалатын жүктерді алмау үшін быттыр вагон таразылар орнатылды. Жолдар арқылы азаматтардың қауіпсіз өтуі және адам басу оқиғаларын болдырмау үшін ескерту белгілері жаңартылып, станция жолдарын қоршауға дайындық жұмыстары жүрді. Сонымен қатар жолға мал шығып кетпеуі үшін қоршаулар салу, бұрынғыларын жөндеу жұмыстары жалғасын тауып, быттыр 1000 км-ге жуық қоршау салынды, биыл 1500 км қоршау салу және жаңарту көзделуде.

Мемлекеттік органдар, көлік прокуратура-сымен бірлескен іс-шаралардың арқасында өткен жылы адам басу оқиғалары алдыңғы жылмен салыстырғанда 7 оқиғаға, мал басу 151 оқиғаға азайды, – деді Қ. Әлмағамбетов.

Сонымен қатар теміржолшылар қауіпсіздік пен теміржол мүлкін сақтау саласында құқықтық заң актілерін белсенді ету бойынша бірлескен жұмыстарды жалғастыру керектігін айтты. Атап айтқанда, белгіленбеген жерден теміржолды кесіп өткені үшін салынатын айыппұл көлемін 3 АЕК-ден 7 АЕК-ге дейін арттыру, жүргіншілер көпірі мен станцияларды қоршау бойынша жергілікті атқарушы билік органдарының құзыретін заңды түрдегі қарастыру, теміржол өткелдерінен өту ережесін бұзған автокөлік жүргізушілеріне салынатын әкімшілік жауапкершілікті қатаңдағандығын, оларды көлік жүргізу құқығынан айыруға дейін жазалау туралы және тағы бірқатар ұсыныстар айтылды. Кездесу соңында тараптар жолаушылар үшін сервисті жақсарту және көлік кешені нысандарында қауіпсіздікті нығайту бойынша екі жақты шешімдер қабылдады.



мен нормативтік құжаттар, т.т. сарапталып, тандалып алыныпты.

– Жыл сайынғы өтетін жұмыс-шылардың білім деңгейін тексеру

емтиханы биыл Шиелі, Қаракеткен

станцияларында басталды. Сынақ электр қауіпсіздігі мен еңбек қорғау тақырыбында

өткізіліп, 49 жол жөндеуші сынақ тапсырып, кәсіби мамандыққа сай екендіктерін дәлелдей білді. Емти-ханға дейінгі мерзімде жолшыларға дайындық, пысықтау сабақтары өткізіліп сабақтардың қаншалықты деңгейде меңгерілгені сарапталды. Емтихан алдағы күндері басқа станцияларда жалғасады, – дейді техникалық қауіпсіздік және еңбек қорғау инженері Майра Бадрәкова.

Сынақ кезінде дистанция кәсіп-одақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева жолшыларға түсінікті, нақты сауалдар қойылуын қадағалаумен қатар жолшылардың да емтихан қабылдаушылар алдында асып-саспай, өз ойын дұрыс жеткізе білуіне қолайлы жағдай жасады.

Суретті түсірген автор

СЫНАҚ ӨТІП ЖАТЫР



ЕМТИХАН

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда жол дистанциясының өндірістік оқыту шебері Ербол Сәрсенбаев, техникалық қауіпсіздік және еңбек қорғау инженері Майра

Қызылорда жол дистанциясында жұмысшылардың өз кәсібіне сәйкестігін анықтау мақсатында сынақ басталды. Шиелі, Қаракеткен және Жалағаш станцияларында өткен сынақ қорытындысы жолшылардың білім деңгейін байқатты.

Бадрәкова мен кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаевадан құралған жұмыс тобы телімдерді аралап, жұмысшыларды сынақтан өткізуге қатысуда. Емтиханның басты сұрақтары теміржолшының жеке бас қауіпсіздігі мен жылжы-

малы құрамдардың қауіпсіздігін сақтауға әзірлігін анықтау, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау, теориялық және ситуациялық сауалдарды меңгеріп, дұрыс шешім қабылдауын анықтау, дистанция жұмысшыларына қатысты телеграфтық нұсқамалар

ДЛЯ УДОБСТВА И СКОРОСТИ



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Сначала здесь составили списки пользователей по предприятиям, сейчас проводят корректировку этих данных, а также обучение будущих пользователей программы.

Если прежняя система электронного документооборота позволяла взаимодействовать только внутри самой национальной компании, то с СЭД есть выход на внешних пользователей: государственные органы, сторонние частные организации. Но этим ее преимущества не ограничиваются.

– Возможностей у СЭД Documentolog много, – говорит начальник отдела первой линии поддержки (ОПЛП) Азамат Бекпаев. – В частности, она позволяет вести общий, финансовый, кадровый, внешний документооборот в электронном виде, обмениваться любыми документами. В дальнейшем по ней будут отправляться даже заявления на отпуск, о приеме на работу, больничные листы. Программа имеет мобильное приложение с поддержкой ЭЦП. В СЭД автоматизирована работа с основными типами документов организаций с момента их создания, получения до завер-



шения и исполнения. Система интегрирована со всеми официальными удостоверяющими центрами.

По информации Азамата Бекпаева, отдел первой линии поддержки Защита готовит внедрение СЭД Documentolog на всех станциях и во всех филиалах АО «НК «КТЖ» региона.

В начале года ОПЛП Защита запустил еще одну информационную систему – E-Telegram. Она уже успешно работает на всех железнодорожных предприятиях региона, станциях. Самый большой контингент пользователей системы – дежурные по станции, «грузовики», товарные кассиры, приемосдатчики, диспетчеры Оскеменской и Кумыстауской дистанций пути, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Семейской дистанции электроснабжения. Все они

зарегистрированы в этой системе.

– ИС E-Telegram позволяет максимально быстро передавать оперативные сообщения-телеграммы, – рассказал ведущий инженер-технолог ОПЛП Алексей Кондрашев. – Помимо компьютеров, у пользователей есть мобильное приложение E-Telegram. Даже находясь на выезде, вдали от рабочего места, они могут подписать или получить телеграмму, прочитать ее на телефоне, поручить кому-то задание.

Сейчас проводится работа по регистрации в системе E-Telegram клиентов АО «НК «КТЖ». Это грузополучатели и грузоотправители, которые смогут получать от приемосдатчиков телеграммы о прибытии груза, окончании грузовых операций.

Сейчас в отделе первой линии поддержки Защита работают девять человек. Они ведут еже-

